

## **№3 СЕКЦИЯ. ТАРИХ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖАҒАНДАНУ ТАЛАПТАРЫ АЯСЫНДА**

### **ӘЛЕМДІК КОНТЕКСТЕ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ**

**Бегалиева А.Қ.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУаға оқытушысы

**Айбота Алейхан**

Баян- өлгей аймағының бұхаралық  
Телерадиосының тілшісі

Қазақстан тарихы бойынша тарихи білім беруде еуропалық кеңістікте интеграциялануда халықаралық ынтымақтастықтың құралы ретінде әлемдік тәжірибе есепке алынған жөн. Осы тәжірибенің қайсысын қазақстандық білімнің тәжірибесіне енгізіп, оны қалай жүзеге асыру керек деген сұрақ туындайды. Тарихи білімді дамытуда халықаралық тәжірибеде ықпалды халықаралық ұйымдардың концептуалы құжаттарында көрініс тапқан. Мысалы, ЮНЕСКО, Еуропа Кеңесі т.б.

Тарих мұғалімдерінің халықаралық дикуссияларға, форумдарға қатысуы назар аударады. Атап айтқанда, Еуропа кеңесінде, тарих мұғалімдерінің еуропалық қауымдастығында (Евроклио), Георг Эккерт атындағы оқулықтардың халықаралық институты (Германия).

Халықаралық тәжірибенің бірнеше тәжірибесі бар. Қазақстанда тарихи білімді беру дің қазіргі моделін жасағанда тарихшылардың халықаралық комиссиясының жинақталған тәжірибесінен (герман-поляк, герман-израиль, т.б.) үйренгеніміз жөн, яғни тарихтың, геосаясаттың (әсіресе, ұлтшылдық тарихы, Холокост тарихы, соғыстан кейінгі Еуропада шекараның сызылуы), өзімізде тәуелсіздік алғаннан кейін шекараның белгіленіп, сызылуы маңызды болды.

Осы бағытта педагогикалық қауымдастықтың жетістіктері бар екені белгілі. Әсіресе, репрессия, аштық, екінші дүние жүзілік соғыс бойынша жаңа құжаттардың ғылыми айналымға енуі Қазақстан тарихының мазмұнын байытты. Әскери тұтқындардың атылуы соған сай саяси құжаттарға енгізіліп, жоғары саяси деңгейде есептелінуде. Осындай құжаттық материалдарды оқулықтарға енгізу керек деп санаймыз.

Тарихшы ғалымдармен, сарапшылармен бірге жұмыс істеп, оқулық жазудың критерийлерін дұрыстаған жөн. Тек Қазақстан ғалымдарымен шектелмей, ТМД елдерімен де бірлесіп, сараптамалық жұмыстарды жүргізсе, ғылыми, тәжірибелік жұмыстар жинақталып, тәжірибе көп жиналады деп санаймыз. Көп жағдайда Қазақстанда да, посткеңестік елдерде де жағымды өзгерістер болды. Педагогтарға нұсқаулар дайындап, өткен тарих бойынша әдістемелік оқу құралдарын жазған жөн.

Демократиялық елдердің оқулықтарында деректерден үзінді алынған дидактикалық мәтіндер көп енгізілген. Бұл студенттердің, оқушылардың танымын қалыптастырады, құндылықтарды бағалайды, әмбебап оқу әдістерін игеруге көмектеседі. Мұндай оқулықтардың атаулары да тарихи білімнің құндылықтары мен мақсатын айқындайды. Мысалығ «Біз тарихты жасаймыз», «Біз әлемді танимыз», «Біз әлемдік қауымдастықты зерттейміз», «Америка тарихын ашамыз», «Бүгінгі күн үшін Америка тарихы», т.б. атаулармен атаған.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп жатқандай, дамыған елдердегі тарихи білімнің болашағы көп жағдайда жеке тұлға туралы біліммен анықталады. Бұл ұстаным өркениеттік шартқа қатысты өзекті, өйткені білім беружүйесіндегі элеуметтік тапсырыс аясында шешу қоғам үшін пайдалы деп есептейміз. Білімді дамытудың әлемдік ұстанымы қазіргі білім беру жүйесінің концептуалды негіздерін құруда жеке адамның қызметі тұрғысынан қараған дұрыс. Бұл тәсіл құндылықтарды, оқыту мақсатын, білім беру үдерісінің сипатын, танымдық қызметтің ерекшелігін өзгертеді. Оның ықпалымен оқулықтар құрылымының принциптері, білім беру нәтижелерінің өлшемі өзгереді. Жеке белсенді тәсіл арқылы білім алушыларды ақпаратпен, түрлі ақпарат қорларымен таныстырып, ақпаратты қабылдаудың құндылықты тәжірибесін қалыптастырады. Бірқатар елдердің тәжірибесіне қарағанда белсенді тәсіл дамытушылық негізі ретінде білім мазмұнының қосалқы мәніне жатпайды. Нақты айтсақ, білім беру мазмұны, оны ұйымдастырудың түрлері білім алушылардың сыни ойлауын қалыптастырады, тарихи деректермен жұмыс істеуге, ақпаратты талдауға үйретеді. Ұлыбритания тәжірибесіне қарағанда, жергілікті жердің тарихы мысалында тарихи деректермен жұмыс істеудің әдістерін меңгеруге болады. Тұтас алғанда бұл тәсіл біздің білім беру дәстүрімізге қарама-қайшы, алайда оның элементтерін пайдалануға болады.

Қазіргі тарихи білімді берудің моделін жаһандану мен аймақтану үдерістерін, білім беруді дамытудың жалпы әлемдік ұстанымдарын есепке алмай құру қиын. Жаһандану үдерістері жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуына ынталандырады. Жаһандану мен аймақтану үдерістері қазақстандық білім берудің ұлттық жүйесіне, интеграциялық үдерістерге, жаһандық бәсекеге әсер етеді.

Посткеңестік кеңістікте геосаяси үдерістердің (Украинадағы жағдай, т.б.) дамуындағы заманауи ұстанымдар арқылы тарихи білім беруде ұлттық мемлекеттік артықшылығымызды көрсетуге болатындай мәселені алға тартуға болады.

XXI ғ. демократиялық қоғам тұрғысынан қарағанда қазіргі заманда адам өзінің ұлттық, азаматтық бірегейлігін сақтай отырып, толерантты, мәдениаралық диалогқа, мәдениаралық коммуникацияға қабілетті болу керек. Осы жағынан алғанда тарихи білімді берудің отандық жүйесі алдында мына сауалдар тұрады:

- тарихи біліммен қазақстандық азаматтық бірегейлікті тәрбиелеуді қалай қамтамасыз етуге болады?

- тарихи білім берудің мазмұны мен құрылымында өз елінің ұлттық мүддесін тиімді көрсетуге болады?

- толерантты жеке адамды қалыптастыру үшін қандай жағдай қажет?

- тарихи білім берудің мазмұны мен құрылымында ұлттық, аймақтық, этномәдени мәселелерді қалай бейнелеуге болады?

Тарихи білімді дамытудағы өзекті мәселесі полимәдени қоғамда өмір сүруге қабілетті жеке адамды қалыптастырудың стратегиясын жасау болып табылады.

Жаһандану жағдайында мәдени сабақтастықтың сақталуын, қалыптасуын қамтамасыз ететін тарихи білімнің құрамдас бөліктерін анықтау, қазақстандық азаматтық бірегейлікті дамыту, қазақ жастарының өзін-өзі тануы қажет. Әрине, бұл мәселе ғылыми-педагогикалық түсінікті қажет етеді.

Тарихи білім берудің заманауи моделін жүзеге асыру көп нәрсені қамтиды: тарих пәні мұғалімдерінің дайындығы мен біліктілігіне қойылатын жоғары талаптар. Дегенмен, көпшілігінде тарих пәнінің мұғалімдерін дайындау жұмыстары дәстүрлі болып қала береді және біздің заманның қиындықтарын жеткілікті түрде ескермейді. Айтылып жүрген педагогтарды дайындау туралы реформа көбінесе декларация түрінде қалуда.

Оқу сапасын арттыру үшін пән оқытушы білім алушы бойындағы танымдық, ізденушілік, дамытушылық қасиеттерді дәріптеу үшін күнделікті сабақтарда жаңа технологияларды төменгі сыныптан бастап пайдалану керек. Осы мақсатта төменгі сыныптарда оқушының логикалық ойлауын дамыту негізінде «Сыни тұрғыдан ойлау» жобасы стратегияларын қолданған тиімді.

Сыни тұрғыдан ойлау – ол американдық ғалымдардың идеялары негізінде құрылған жоба. Сыни ойлау дегеніміз білім алушының қоршаған ортаға, ақпарат әлеміне, өзінің іс - әрекетіне сын тұрғысынан қарауын етілдіру деген сөз. «Сыни тұрғыдан ойлау» жобасының стратегияларын пайдалану жаңа оқу материалындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздерінің байқап, талдауларына жағдай жасайды. Демек, білім даяр күйінде берілмей, оқушылардың өздерінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, оқушылардың ізденушілігі мен дербес ойлауын дамыту, сабаққа деген ынтасын арттыру мақсатында тарих сабақтарын түрлендіріп өткізу керек. Дәстүрден тыс сабақтарды, мысалы, жарыс, ойын, КТК, пікір – сайыс, сот сабақтарын өткізген жөн. Жоғарыда айтылған дәстүрлі емес сабақтарды өткізу негізінде оқушылар іздену жұмыстарымен шұғылданған уақытта келесі іс-әрекет түрлерімен айналысады:

- Білім алушының ізденуі арқылы тест құрау;
- Тақырып бойынша модель құрау;
- Эксперимент жүргізуі, талдауы;
- Тірек конспектімен жұмыс;
- Жаңа материалды сызба – нұсқа ретінде көрсетуі;

- Сөзжұмбақ жаза білуі;
- Өз бетімен оқулықтан тыс әдебиеттерді оқи және пайдалана білуі.

Белгілікті озық технологияларды сабақта қолайлы әрі оқу үрдісін тиімді пайдалану үшін көптеген әдістерді, олардың мүмкіндіктерін білу, меңгеру қажет. Оның өзіне тән ерекшеліктер бар:

- Әр топта білім деңгейі бірөбіріне ұқсамағандықтан, бірдей әдістерді қолдану дұрыс нәтиже бермейді;
- Топтағы әр білім алушының қабілетін жеке дара зерттеп, айқындау керек;
- Әр мұғалім негізгі әдіс-тәсілдерді, өз пәнін жетік білуі қажет;
- Семинар жоспарын топ деңгейіне сай жоспарлауы;
- Осы сабаққа ең қажетті әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану керек.

Оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы білім алушыларды ғылыми жұмыстарға баулып, өз ойын еркін жеткізе білетін салауатты тұлғаны қалыптастыру жолындағы шығармашылықтың мәні өте зор. Ал шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет, қабілет іздеп білу - мұғалімнің алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі болып есептеледі.

Пәнді оқу барысында студент төмендегідей құзыреттіліктерді меңгереді:

- өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді сыни талдау, ретроспективті, салыстырмалы-тарихи және де басқа да ғылыми зерттеу әдістері негізінде оларды адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра көрсетуге дағдылану;

- әлемдік және еуразиялық тарихи үдерістер бастауларында тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу алғышарттарын, кезеңдері мен олардың тарихи негіздерін білу;

- қазақстандық даму үлгісінің өзіндік басымдылықтарын, ерекшеліктері мен маңыздарын шынайы және жан-жақты ескеру;

- күрделі тарихи үдерістерді, құбылыстарды және қазіргі Қазақстанның тарихи тұлғаларының қызметін оқытуда аналитикалық және аксиологиялық талдаулар жасау дағдысын меңгеру. Интерактивті әдістер білім алушылардың айтарлықтай белсенді болуын, бір-бірімен өзара қатынасын және білім алушы мен оқытушы арасында өзара дұрыс, түсіністік, сыйластық қатынастың болуына жағдай жасады.

Қазақстан тарихын көне заманнан бүгінге дейін мекендеп келген халықтың, адамзаттың тарихи жолын, тарихи білімдер негізін игеруге, оқушылардың санасында ұлттық бірлікті қалыптастыруға, азаматтық пен патриотизмге, өз халқының келісім мен төзушілікке тәрбиелеуге, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге және жеке тұлғаның қалыптасып дамуына септігін тигізеді.

Жас қазақстандықтарға патриоттық тәрбие беруде білім беру ісінің инновациялық дамуына ерекше орын бергеніміз жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісіне кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдар ұстаздарды қажет

етеді. Осы орайда, тарихты оқыту барысында оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгеру, педагогикалық технологияның қыр-сырын терең білу, оны күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің орны ерекше.

Тарихтағы адам, ұлт және мемлекет факторын оң пайымдау өркениеттік ілгерілеу мен іркілістегі Қазақстан орнын лайықты анықтауға жағдай жасайды. Зияткерлік ізденісті серік еткен, бәсекеге қабілетті қоғамның тарихқа қосары да, тарихтан алары да мол болады. Қазақстанның бүгінгі ұлттық тарихы – бұл ғылымдағы ең проблемалық сала. Қазақстанның тарихтағы өткен кезеңі қоғамдық сана-сезімнің – саясаткерлердің саяси тілінен халықтың күнделікті өміріне дейінгі әртүрлі деңгейлердегі гуманитарлық кеңістіктің маңызды бөлігін құрайды. Біріншіден, ұлттық тарих қоғамдық ғылымдардың арасында орталық буынға айналуға тиіс. Екіншіден, біз сапалық жаңа деңгейде Қазақстан тарихының ортақ тұжырымдамасын жасап шығуға тиіспіз. Ол тұжырымдама бүкіл әлемдік тарихпен тығыз байланыста болуға, Қазақстанның аса ауқымды тарихи үдерістердегі, олардың өзара байланысы мен ғылыми кезеңдену жүйесіндегі орнын анық көрсетуге тиіс. Үшіншіден, Қазақстан туралы біздегі және шетелдердегі тарихи материалдардың барлығын жинақтауға, жүйелеуге және жіктеуге баса көңіл бөлу қажеттілік десек, алда тарихи артефактілердің барлық негізгі шетелдік қоймаларын ұқыпты зерттеу және тарихи материалдарды Қазақстанға қайтару міндеті тұр. Еліміздің өркендеу стратегиясына сәйкес, жаһандану процесі туындатқан жаңа белестерге көтерілу, жаңа сындарға төтеп беру мәселелері ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруды талап етеді.

Педагогикалық университеттерде тарих пәні мұғалімдерін дайындағанда, ең алдымен, ғылыми тарихи білім беру стратегиясын жасау қажет, білім берушілерге психологиялық-педагогикалық және пәндік- әдістемелік дайындықты жүргізілу керек.

Қорыта айтқанда, қазақстандық тарихи білім беру жүйесі социум контексінде дамиды, ол қоғамның әлеуметтік-мәдени модернизациясының факторы болып табылады. Жалпы тарихи білім беру жүйесі тиімді даму үшін ХХІ ғ. жаһанды үндеу контексінде Қазақстандағы білім берудің құндылықтары мен мақсатына қатысты қоғамдық-педагогикалық консенсусқа қол жеткізу қажет.

## **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Модели и структуры содержания общего среднего образования: отечественный и зарубежный опыт: Монография / Под ред. М.В. Рыжакова, А.А. Журина. М.-Спб.: Нестор-История, 2012. С. 17-19.
2. Основные результаты Международного сравнительного исследования качества граждановедческого образования ICCS-2009. / Режим доступа: [http://www.ug.ru/download/2009/Inst\\_ICCS\\_2009.pdf](http://www.ug.ru/download/2009/Inst_ICCS_2009.pdf)
3. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 ж. /Дереккөз: <http://www.akorda.kz/>